

АУДАН ЖАҢА ҚАДРЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Целиноград ауданының әкімдігінде аудан әкімі Дарын Сабырғалиұлының төрағалығымен аппараттық жиын өтті.



Жиын кадрлық тағайындаулар туралы хабарландырудан басталды. Ағымдағы жылдың 11 қыркүйегіндегі аудан әкімінің өкімімен Целиноград ауданы әкімі аппаратының басшысы болып Дәулет Мерекеұлы Төлеубеков

тағайындалды.

Төлеубеков Дәулет Мерекеұлы - Қорғалжын ауданының тумасы, екі жоғары білімі бар. 2005 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау» мамандығы бойынша, ал 2018



жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2004 жылы бастаған. Жаңа қызметіне дейін Қорғалжын ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Сондай-ақ аудан әкімінің өкімімен жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы болып Манас Канатұлы Қарбай, тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы болып Дархан Бакытқалиұлы Әшімов тағайындалды.

Бұдан бөлек, 14 қыркүйекте Целиноград ауданында Талапкер ауылы әкімінің кезекті сайлауы және Мәншүк Мәметова ауылы мен Қабанбай батыр ауылдық округі әкімдерінің кезектен тыс сайлауы өтті.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының шешіміне сәйкес, аудан әкімі Дарын Сабырғалиұлы дауыс беру қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинаған әкімдерді аудан активіне ресми түрде таныстырды.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Әсел Айтқожина сайлау нәтижелері туралы жиналғандарға баяндама жасады. Сайлау күні 1 аумақтық және 8 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істеді. Одан кейін ауылдық округ әкімдеріне қызметтік куәліктер салтанатты түрде табысталды.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының қорытынды хаттамасына сәйкес Талапкер ауылының әкімі болып Мирас Әлібекұлы Кужубаев («AMANAT» партиясы), Мәншүк Мәметова ауылының әкімі – Гүлайым Сағынайқызы Қожабекова (өзін-өзі ұсынушы), Қабанбай батыр ауылдық округінің әкімі – Гүлбану Бақытбекқызы Шәкенбаева (өзін-өзі ұсынушы) сайланды.

Дарын Сабырғалиұлы жаңа басшыларға олардың жұмысының тиімділігі тұрғындардың өмір сапасына, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына және жергілікті мәселелердің шешілуіне тікелей әсер ететінін атап өтті.

Бұдан әрі жиналыс барысында ағымдағы мәселелер, соның ішінде елді мекендерді тазалау және абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, бюджет қаражатын тиімді игеру, сондай-ақ жоспарланған жобаларды уактылы іске асыру мәселелері талқыланды.

Отырыс қорытындысы бойынша Дарын Сабырғалиұлы жауапты тұлғаларға бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

Қайрат ӘЛІМБАЕВ,
аудан әкімінің кеңесшісі.

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым



2025 жыл

25 қыркүйек

бейсенбі

№ 37 (438)

■ Алаш арыстары

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ



Тобыл-Торғай өңірі үшін тарихи күн. Қостанай қаласында ұлт руханиятының жанашыры, Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай тұлғаға арналған монументалды ескерткіштің ашылу салтанаты өтті.

Бұл ескерткіш – халқының жарқын болашағы үшін күрескен арысқа деген ұрпақтың шексіз құрметінің айқын көрінісі. Салтанатты іс-шара Қостанай қаласындағы Міржақып Дулатов көшесіндегі саябақта өтті.

Ашылу салтанатына Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов, облыс әкімі Құмар Ақсақалов, белгілі жазушы Төлен Әбдік және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Міржақыптың тойы – тек бір тұлғаның ғана емес, тұтас бір дәуірдің, тәуелсіздік үшін күрескен Алаш зиялыларының асыл мұрасын жаңғыртқан айтулы оқиғаға екені сөзсіз. Рәсімнің басты бөлігінде сөз сөйлеген Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді.

«Төл тарихымызда азаттық үшін аянбай күрескен, ұлттың рухын көтеруге өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлғалар аз емес. Соның бірі әрі бірегейі – Міржақып Дулатұлы. Ол қазақтың асқақ арманы мен мұң-мұқтажын терең түсініп, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Жұрттың сана-сезімін жаңғырту жолында еңбек етіп, жасампаз рухтың жаршысы болды. Адамзатқа ортақ құндылықтарды кеңінен дәріптеп, жастарды өнер-білімге үндеді. Міржақып Дулатұлы әдебиетімізді жаңа деңгейге көтеруге зор еңбек сіңірді. Халқымыздың біртуар перзентінің қайраткерлік қасиеті мен азаматтық ұстанымдары өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге болары сөзсіз, – делінген Президент құттықтауында.

Жалпы, Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы облыс, республика деңгейінде кең ауқымда аталып өтті. Аталмыш шара Торғай ауылында «Ұлы дала жорығы» атты аламан бәйгесімен басталды. Тұлпарлар Тобыл-Торғай даласын дүбірлетіп, 500 шақырымдық марафонда бақ сынады.

Бұдан бөлек, Міржақып Дулатұлының ғылыми конференция мен дүлдүл ақындардың басын қосқан республикалық айтыс өтті. Мәжіліс спикері бұл айтулы іс-шаралар мемлекеттің, ұлтының Алаш арысына берген бағасы, көрсеткен құрметі екенін атап өтті. «Біз қазір де тарихи, тағдырлы шақта өмір сүріп жатырмыз. Алаш арыстары аңсаған Тәуелсіздікке қолымыз жетті. Еңселі ел болдық. Соңғы жылдары Президенттің жүйелі, кешенді реформалары халқымыздың жан жақты қолдауын тауып отыр. Елдегі оң өзгерістер қоғамның болашаққа

деген сенімін нығайтып келеді. Біздің бүгінгі мақсатымыз – Әділетті, Қуатты, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құру. Айналып келгенде, кешегі Алаш арыстарының да, бүгінгі біздің де арман-аңсарымыз осы», – деді Ерлан Қошанов.

Қазақстанның Халық жазушысы Төлен Әбдік пен Міржақып Дулатұлының жиені Ерлан Сатыбалдиев сөз сөйлеп, Алаш қайраткерінің рухына тағзым етті.

Жаңа ескерткіштің мүсіндік портреті қоладан, тұғыры гранит тастан жасалған. Оның биіктігі үш жарым метр. Мүсін авторлары – белгілі мүсіншілер Жеңіс Жұбанқосов пен Тимур Ермұхаметов.

Бұл тарихи оқиға – «Оян, қазақ!» деп ұрандатқан ұлт арысының есімі мәңгі жасай беретінінің, оның мұрасы ұрпақ санасында жаңғырып тұратынының дәлелі.

С. МЫРЗАБА.

«Мемлекет деңгейінде қабылданған әрбір шешімнің мән-маңызы, ең алдымен, халықтың тұрмысын жақсарту, экономиканы тұрақтандырып, әлеуметтік әділдік орнату үшін жасалған нақты істермен өлшенуге тиіс. Сонда біз жаңа тұрпатты, мықты ел боламыз.

Қазақстан жан-жақты, түбегейлі реформалардың арқасында дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Алда қарқынды жұмыс күтіп тұр. Біз бағдарымыздан айнымай, тек алға қадам басуымыз керек».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ — БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Жыл сайынғы Президент Жолдауы — жай ғана атқарылған істердің есебі немесе болашақтың жол картасы емес. Ол — стратегиялық бағдар, Қазақстанның жүріп келе жатқан жолының, қоғам үшін маңызды құндылықтарының айнасы.

Бұл жолғы Жолдаудағы басты мақсаттар айрықша айқын болды: отбасы құндылықтарын нығайту және заманауи, цифрлық өмірлік ортаны қалыптастыру. Әр түрлі көрінгенімен, бұл бағыттар Президенттің Жолдауында бір-бірімен үйлесіп, ел дамуының бірыңғай стратегиясына айналды.

Президенттің атап өткеніндей, өскелең ұрпақ бақытты әрі бақуатты өмір сүруі керек. Себебі жастар — Қазақстанның болашағы. Балаларға қамқорлық жасау мен олардың мүмкіндіктерін кеңейту — тек әлеуметтік міндет ғана емес, әрбір қазақстандықтың азаматтық әрі патриоттық борышы. Бұл ретте мемлекет кепіл бола отырып, әр отбасы ертеңіне сенімді болатындай жағдай жасайды.

Айрықша назарға алынған жай — мәдениет, ізгілік пен жақсы әдет-ғұрып отбасынан басталады деген тұжырым. Бұл қарапайым сөздердің астарында терең шындық жатыр. Шынында да, отбасы — қоғамның іргетасы. Үйде сыйластық, түсіністік пен сенім орнаса, қоғамда да берік байланыстар мен бірлік қалыптасады.

Алайда Президент Жолдауы тек дәстүрлі құндылықтар жайлы емес. Онда стратегиялық бағыт айқын көрсетілген: цифрлық және институционалдық ортаны құру. Бұл ортада әр отбасы көбірек мүмкіндікке, қолжетімділікке және сенімділікке ие болмақ.

Мемлекет басшысы цифрландыруға айрықша мән берді. Қазақстан цифрлық технологиялар тек жекелеген жобалар емес, мемлекеттік қызмет көрсетудің, білім берудің, денсаулық сақтаудың және қауіпсіздіктің негізгі инфрақұрылымына айналған кезеңге жетті. «Цифрлық кодексті» қабылдау және жаңа салалық ведомство құру — цифрлық экономиканың нормативтік әрі институционалдық негізін қалыптастырудағы маңызды қадам. Бұл — үдерістердің ашықтығын қамтамасыз ететін, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыратын және әлеуметтік теңсіздікті азайтатын шешім. Қазіргі заманғы технологиялар адамдарға қызмет етіп, күнделікті міндеттерін жеңілдетуі, бизнеске, ғылымға және білімге жаңа мүмкіндіктер ашуы тиіс.

Президент атап өткендей, XXI ғасырдағы ұлттық қауіпсіздік — сан салалы ұғым. Дәстүрлі қорғаныс пен шекараны қорғаумен қатар, ол киберқауіпсіздікті, экономикалық тұрақтылықты, ақпараттық кеңістікті қорғауды және мәдени бірегейлікті сақтауды қамтиды. Ғаламдық тұрақсыздық жағдайында Қазақстан өз мүдделерін кешенді қорғауға мән беріп отыр: кибершабуылдар мен цифрлық қауіптерге қарсы тұрудан бастап, азық-түлік пен энергетикалық тәуелсіздікті нығайтуға дейін. Мұндай жан-жақты тәсіл мемлекет стратегиясының кемелдігін көрсетеді, мұнда қауіпсіздік тек сыртқы қатерлерден қорғаныс емес, қоғамның тұрақтылығы мен бірлігін сақтай алу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

2025 жылғы Жолдауда белгіленген вектор әркім үшін маңызды.

Азаматтар үшін цифрландыру —

мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік қолдауға қолжетімділікті жеңілдету. Құжаттарды тіркеуден бастап медициналық көмек пен білім беру сервистерін алуға дейінгі көптеген үдерістер ашық әрі жедел болады. Киберқауіпсіздіктің күшеюі жеке деректердің қорғалуына кепілдік береді.

Жастар үшін жаңа даму траекториялары ашылады: онлайн-білім, қашықтан жұмыс істеу, халықаралық цифрлық жобаларға қатысу. Бұл жаһандық бәсекеге қабілетті, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті сақтайтын жаңа буын мамандарын қалыптастыруға негіз болады.

Бизнес үшін цифрландыру кең мүмкіндіктер береді: шығындарды қысқарту, қаржылық құралдарға жедел қол жеткізу, электрондық коммерцияны дамыту. Мемлекет қауіпсіз әрі болжамды цифрлық орта құру арқылы кәсіпкерлік тәуекелдерді азайтып, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Қоғам үшін ұлттық қауіпсіздіктің кеңейтілген түсінігі — елдің әскери қатерлерден ғана емес, экономикалық соққылардан, кибершабуылдардан, зиянды ақпараттан қорғалуы. Бұл қоғамдық сенімді арттырады, сыртқы ықпалдарға тәуелділікті төмендетеді және тұрақты дамуға жағдай жасайды.

Бұл Жолдаудан не ерекше шабыт береді?

Ақылды іргетас: цифрландыру мен жаңашылдықтар абстрактілі ұғым емес, әр отбасының өмірінің нақты негізіне айналады.

Болашаққа шынайы қамқорлық: жастардың бақуатты өмірі — жай ғана ұран емес, мемлекеттік стратегия деңгейінде бекітілген нақты мақсат.

Адамға басымдық: мәдениетке, этикаға және отбасы құндылықтарына назар аудару ел дамуын тек экономикалық емес, рухани деңгейде де көтереді.

Қауіпсіздікті интеграциялау: ұлттық қауіпсіздік киберкеңістіктен бастап әлеуметтік бірлікке дейін кең мағынада қарастырылады.

Қорыта айтқанда, кезекті Жолдау — дәстүр мен болашақ арасындағы теңгерім. Бір жағынан — қоғамның негізгі ұясы ретінде отбасыға құрмет, екінші жағынан — миллиондаған адамның өмірін жақсартуға бағытталған заманауи цифрлық және қауіпсіз инфрақұрылымды құрудағы жүйелі қадамдар. Мен үшін бұл Жолдау — саяси тезистердің жиынтығы ғана емес, әрбірімізге қатысты нақты стратегия. Цифрландырудың енді абстрактілі реформа емес, адамдардың өмірін әділеттірек әрі жеңіл ететін нақты құралға айналуы ерекше қуантады. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздіктің тек қорғаныс ретінде емес, біздің цифрлық болашағымызды, мәдениетімізді және бірегейлігімізді қорғау ретінде қарастырылуы да маңызды. Мұндай тәсіл Қазақстанның дамуын кешенді әрі тұрақты етеді.

Менің ойымша, дәстүр мен инновацияның, құндылықтар мен технологиялардың синтезі — Қазақстан өзінің болашағын құратын іргетас бола алады. Бұл болашақ — заманауи, қауіпсіз әрі адамға бағытталған.

Әлия ХАСЕНОВА,

Жастар орталығының маманы. Ақмол.

■ Өзекті

БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Кәсіпкерлікті дамыту және әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында Целиноград ауданының прокуроры Мұрат Ахимов инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылау үшін бизнес құрылымдарының өкілдерімен кездесу өткізді.



Кездесуге мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық қызметтердің басшылары қатысып, кәсіпкерлік қауымдастық пен мемлекеттік органдар арасында ашық және сындарлы диалог орнатуға мүмкіндік берілді.

Бүгінде Целиноград ауданы аумағында 20-дан астам инвестициялық жоба іске асырылуда. Олардың табысты жүзеге асырылуы жана жұмыс орындарын құруға және аудан бюджетіне түсетін салықтық түсімдерді арттыруға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында ұлттық қаржы

институттары арқылы несиелер беру, пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, экономиканың басым салаларының тізбесін кеңейту, сондай-ақ халық санына байланысты гранттық қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселелері қаралды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және өндіру саласындағы жобаларды дамытуға ерекше назар аударылды.

Аудан прокуроры Целиноград ауданындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға және туындайтын мәселелерді шешуге жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін және кәсіпкерлермен тұрақты диалог жүргізуге ашық екенін жеткізді.

Кәсіпкерлер өздерін толғандырған өзекті мәселелер бойынша күн сайын Целиноград ауданының прокуратурасына жүгіне алады.

Өз тілшіміз.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА ҰСТАУ — БӘРІМІЗДІҢ ОРТАҚ БОРЫШЫМЫЗ

Целиноград ауданында республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында заңсыз полигондар мен рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Таяуда ғана осындай іс-шаралар бірден бірнеше елді мекенде — Қараөткел, Ыбырай Алтынсарин және Қоянды ауылдарында өтті.

Акцияның негізгі мақсаты — қоршаған ортаны қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту және ауыл тұрғындарына таза әрі қолайлы орта қалыптастыру. Шараға жергілікті атқарушы органдар өкілдері, белсенді жастар мен ауыл тұрғындары қатысты. Бірлескен еңбектің арқасында ауыл маңындағы тұрмыстық қатты қалдықтардың заңсыз төгілген орындары жойылып, табиғатқа зиян келтіріп тұрған аймақтар ретке келтірілді.

Рұқсат етілмеген қоқыс орындары экология мен адамдардың денсаулығына үлкен қауіп төндіреді:

- олар топырақты, сондай-ақ бұлақтар мен құдықтарды қоректендіретін жерасты суларын ластайды;

- ауаға улы заттар мен жағымсыз иіс таратып, тұрғындардың өмір сүру сапасын төмендетеді;

- түрлі инфекциялардың көзіне, кеміргіштер мен жәндіктердің ошағына айналады;

- елді мекендердің көркін бұзып, абаттандыру жұмыстарына кедергі келтіреді. Шын мәнінде, әрбір осындай қоқыс орны — уақыт өткен сайын қоршаған орта мен адамдарға орасан зиян келтіретін жасырын қауіп.

«Таза Қазақстан» акциясы тек қана тазалық орнатумен шектелмей, халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да зор ықпал етеді. Тұрғындар бірлесіп, жұмыла шығып тазалық жұмыстарын жүргізген кезде табиғатты қорғау — бәріміздің ортақ ісіміз екенін, бірлік пен жеке жауапкершілікті талап ететінін дәлелдейді.

Бүгінде Целиноград ауданында атқарылған жұмыс жоғары бағалауға лайық. Маңыздысы — бұл бастаманы билік те, ауыл тұрғындары да қолдады. Себебі ұзақ мерзімді нәтижеге тек бірлескен еңбектің арқасында қол жеткізуге болады.

«Таза Қазақстан» акциясы — жай ғана бір реттік іс-шара емес. Бұл — сананы өзгертуге, тазалықта өмір сүруді және табиғатты аялауды әдетке айналдыруға жасалған маңызды қадам.

Қоршаған ортаны таза ұстау — бәріміздің ортақ борышымыз! Бүгінгі жетістіктеріміз Қазақстанды одан әрі таза әрі әдемі ете алатынымызды көрсетіп отыр.

Ә. ХАСЕНОВА.

Ақмол.



■ Дін және Біз

ЕРКІНДІК БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Баланың дінге бет бұруы – қуаныш па, қауіп пе?

«Бала – адам тағдырының бастауы, ұлт болашағының жалғасы».

Ғабит Мүсірепов

Қазақтың әр шаңырағы балаға үміт артады, тағдырын сәби күлкісіне байлайды. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстат азамат. Алайда сол жас – өз болмысын, сенімін, жолын енді ғана іздеп жүрген бейкүнә сана. Ал бұл ізденіс – күрделі әрі кейде қауіпті болуы мүмкін.

XXI ғасыр – ақпарат тасқыны мен технология заманы. Осындай ортада өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына күн сайын түрлі ойлар мен сенімдер енеді. Бірі дінді – рухани кемелдікке жетелейтін жол деп түсінсе, екіншілері – оны өз мақсаттарына пайдалануға тырысып, бала санасын теріс арнаға бұрмалап жатады. Бала қай жолды таңдайтыны – көбіне оның еркінен бұрын, ата-ананың көзқарасы, қоғамның ұстанымы, мектептің тәрбие жүйесі мен мемлекеттің саясатына байланысты болады.

Психология ғылымы дәлелдегендей, жасөспірім – әлі өмірлік шешім қабылдауға толық дайын емес тұлға. Оның санасы – сенгіш, сезімтал, әсерге берілгіш. Дінге деген қызығушылық – оның рухани ізденісінің бастауы болуы мүмкін. Бірақ бұл қызығушылық дұрыс бағыт алмаса, бала ертең қате сенімнің құрбанына айналуы ықтимал.

Кей ата-аналар баласының мешітке баруын, намаз оқи бастауын немесе орамал тағуын қуанышпен қабылдайды. «Балам тәртіпке келді» деп сенеді. Иә, сырттай қарағанда бұл – қуанышты жағдай. Алайда баланың дінге бет бұруын тек сыртқы белгілермен бағалау – үлкен қателік. Оның жан дүниесінде не болып жатқанын ұғынбай, сыртқы өзгерістерге мәз болу – баланың шынайы сенімін емес, жалған бағытқа кетуін байқамай қалуға әкелуі мүмкін.

Бала тәрбиесінде жиі кездесетін қателіктің бірі – ата-ананың өз түсінігін балаға күштеп таңуы. Кейбір отбасыларда бала дінге өз еркімен емес, ата-анасының ықпалымен, тіпті мәжбүрлеуімен бет бұрады. Мәселе – намазда емес, мәселе – таңдау еркіндігінде.

Шариғатты білмей, дінді «қатаң ережелер жүйесіне» айналдыру – діннің мәнін жоғалту ғана емес, қоғам үшін де қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай жағдайда балаға таңылған идеология, өзге сенімге төзбеушілік, өзгелерді «қадасқан» деп санау – толерантты қоғамға қарсы бағыт. Бұл – радикалданудың алғашқы белгілері.

Соңғы жылдары мектептегі киім үлгісі төңірегінде пікірталастар ұшығып отыр. Кей ата-аналар мектеп формасына қарсы шығып, қыз балаларына хиджаб киюге рұқсат берілуін талап етуде. Бұл – тек киім мәселесі емес. Бұл – құқық, тәртіп және мемлекет жүйесіне деген көзқарас туралы мәселе.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Ал мектеп – дін тарататын орын емес, білім беретін кеңістік. Сондықтан мектепте діни киімге, символика мен насихатқа жол берілмейді. Бұл – дінге тыйым салу емес, керісінше, білім мен тәртіпті сақтау, әрі баланың өз еркімен сенім таңдауын қорғау.

Дінге келген әр бала тыныш, сабырлы жолмен жүре бермейді. Кейде «қақиқат жолы» деп сеніп бастаған ізденісі, ақырында радикалды ағымдардың арбауына түсіп, опық жеумен аяқталып жатады. Бұл – жәй қауіп емес, қайғылы ақиқат. Өкінішке қарай, елімізде де мұндай ащы мысалдар аз емес.

Ақтөбе (2016) – Қарулы шабуыл жасағандардың басым бөлігі – 25 жасқа толмаған жастар. Бұл оқиға жеті адамның өмірін жалмап, ел жадында мәңгіге сақталды.

Алматы (2016) – Діни экстремизмнің уына уланған жас жігіттер бейбіт күнде полицияға шабуыл жасап, он адамның өмірін қиды.

Сирияға кеткендер – 500-ден астам қазақстандық азамат Сирия мен Ирактағы лаңкестік ұйымдарға қосылды. Көпшілігі – жап-жас жігіттер мен қыздар. Бірі окка ұшты, бірі жат елдің түрмесінде, бірі қайғыдан қан жұтқан анасының үмітін бірге алып кетті.

«Балам мешітке барды деп қуандым. Кейін сабақтан суынып, «олар – кәпір» дей бастады. Ақыры... Сирияға кетті...» – дейді көзі жасаураған ана.

Мұндай оқиғалар – бейқамдықтың, бағытсыздықтың, ата-ана бақылауының әлсіреуінің салдары. Бұл – үнсіз қалуға болмайтын кезең.



БАЛА ЖӘНЕ ДІН

Осыған орай Зайырлы қоғам заңы не дейді? Заң – қоғамның арқауы. Қазақстан – зайырлы мемлекет, ал әрбір азаматтың дінге сенуі немесе сенбеуі – оның жеке құқығы. Бұл құқықтарды заң нақтылап көрсетеді:

Конституцияның 22-бабы – әр адам ар-ождан бостандығына ие.

«Білім туралы» заң – мектеп – діни мекеме емес, зайырлы білім ордасы. Онда діни киім мен насихатқа жол берілмейді.

Қылмыстық кодекс – діни алауыздықты қоздыру, жат ағымдарға тарту – заң алдында жауапкершілікке әкелетін ауыр қылмыс.

Баланың еркіндігі – баға жетпес құндылық. Бірақ ол еркіндік – бақылаусыз, бетімен кеткен бостандық емес. Еркіндікті еркелікпен шатастырмау қажет. Егер бала өз сұрақтарына жауапты YouTube пен Telegram-нан, белгісіз чаттар мен күмәнді тұлғалардан іздесе – бұл алаңдатын сәт. Ол – сыртқы ықпалға, бөгде біреудің «тәрбиесіне» көшкен деген сөз.

Осындай сәтте ата-ана қандай қадам жасауы керек?

Бала дінге қызыға бастаса – үрейленбей, жылы қабылдап, түсінуге тырысу;

Сенімді, ресми діни орталықтармен байланыс орнатып, бағыт беру;

Өзінің де діни сауатын арттыру арқылы дұрыс жолды көрсету;

Ең бастысы – балаға сенім артып, ашық әңгіме құру, шынайы диалог орнату.

Мектептің міндеті:

Зайырлылық қағидатын берік ұстана отырып, білім мен ғылымды басты құндылық ретінде ұсыну;

Оқушыларға дінтану, құқықтық сауаттылық, медиа сауат секілді маңызды бағыттарды жүйелі түрде оқыту;

Бала бойындағы қауіп белгілерін дер кезінде байқап, ата-анамен бірлесе әрекет ету.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан «Жаһандық құзыреттілік» бағдарламасы – жаңа ғасыр баласына қажетті бағыт-бағдар бола алады. ЮНЕСКО ұсынған бұл тұжырымдама бойынша:

Оқушы – мәдениетаралық түсіністікке ие болуы тиіс;

Өз сенімін берік ұстана отырып, өзгеге құрметпен қарауы керек;

Дінін сүйіп қорғай алатын, бірақ өзге сенімді кемсітпей, түсінуге ұмтылатын тұлға болуы қажет.

Жастар – бүгінгі қоғамның үні ғана емес, болашақтың болмысы. Олар – өз жолын қалыптастырып келе жатқан ізденімпаз ұрпақ. Сол жол – жарық әрі дұрыс болсын десек, біз оларға сенім мен білімнің тепе-теңдігін, еркіндік пен жауапкершіліктің үйлесімін көрсетуіміз керек.

Бізге керегі:

Радикалдық емес – рухани тұрақтылық,

Қысым емес – сананы ояту,

Бақылау емес – бағыттау.

Қазақта: «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дейді. Біз бұл әңгімені үркіту үшін емес, сақтандыру үшін айттып отырмыз.

Жас ұрпақтың амандығы – ұлттың болашағы. Сондықтан әр ата-ана, әр мұғалім, әр азамат – бұл мәселеде бейжай қалмауға тиіс.

Жауапты болайық. Тек өзіміз үшін емес – болашақ үшін.

Болат ҚАСЕНОВ,
Ақмола облысының Дін істері басқарма басшысы.



САНАҚТАН ШЕТ ҚАЛМАҢЫЗДАР

*«Ауылшаруашылығы – ел байлығы!»
«Санаққа қатыс, үлес қос!» «Сельское хозяйство - богатство страны!» «Внеси вклад, участвуй в переписи!».
Осындай ұранмен Қазақстан Республикасында ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізіліп жатыр.*

1 тамыз бен 31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама жүргізілді, және оны өткізу мерзімі Республикалық санақ өткізу және жәрдемдесу комиссиясының шешімімен 2025 жылғы 20 қыркүйекке дейін ұзартылды.

Санақтың негізгі кезеңі 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өткізілмек. Бұл кезеңде интервьюерлер халықтың үй-жайларын аралап, толық қамту әдісімен деректер жинайды. Облыс бойынша 234 интервьюер негізгі кезеңге қатысады.

Интервьюерлер онлайн-сауалнамаға қатыспаған үй шаруашылықтарында планшеттердің көмегімен ауыл шаруашылығы санағын өткізеді. Планшетті қолдану әдісі өте қолайлы және бұл тәсіл санақ персоналына 30 күнтізбелік күн ішінде азаматтардан ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Ақпарат планшеттегі арнайы бағдарлама арқылы енгізіледі.

Планшетте санақ парақтары орнатылған, жауап нұсқалары бойынша тиісті белгілер қойылады, қажет болған жағдайда сан және мәтін енгізіледі. Электронды санақ парақтарын толтыру кезінде форматтық-логикалық бақылаулар (ФЛБ) қарастырылған, бұл сұрақтар арасындағы дұрыс өтуді қамтамасыз етеді.

Санақ нысандарына мыналар жатады:

- жер және егіс алқаптары;
- ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының бас саны;
- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары;
- мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары;
- ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарына арналған өндірістік ғимараттар;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылымдар мен нысандар.

Сұхбат беруші осылай көрінеді. Ол ерекше жабдықтармен жабдықталған: логотипі бар қалпақ, логотипі бар маниша, логотипі бар портфель, иттерге қарсы құрал, фонарь және кеңсе керек-жарақтары.

Облыс тұрғындарынан интервьюерлердің жұмысын түсіністікпен қабылдауды және нақты деректер ұсынуды көмек көрсетуін сұраймыз.

Аудандық ішкі саясат бөлімі.

Ақмол.





"ЧЕК ТАЛАП ЕТ — ЖҮЛДЕ ҰТЫП АЛ" АКЦИЯСЫ

2025 жылдың 3 сәуірінен бастап «Чек талап ет— жүлде ұтып ал» Республикалық акциясы басталды!

Енді сіздердің әрқайсысыңыз күнделікті сатып алулар жасай отырып немесе ақылы қызметтерді ала отырып, тек фискалдық түбіртек алып қана қоймай, бағалы сыйлықтарды, соның ішінде ақшалай сыйлықтарды ұтып ала аласыз. Алынған түбіртекті «Amian» мобильді қосымшасында тіркесеңіз болғаны.

Сондай-ақ, 2025 жылдың 1 мамырынан бастап «Бәйге» атты жаңа мотивациялық науқан күшіне енеді. Осы науқан аясында еліміздің әр өңірінде тоқсан сайын жеңімпаздар анықталатын болады — тіркелген фискалдық түбіртектердің саны бойынша барлығы 20 жеңімпаз.

Олардың әрқайсысына 100 000 теңгеден ақшалай сыйлық беріледі.

«Бәйге» акциясы үш кезеңде өтеді:

* Бірінші кезең — 1 мамырдан 30 маусымға дейін;

* екінші — үшінші тоқсанда;

* Ал үшінші — 2025 жылдың төртінші тоқсанында.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 19 мамырынан бастап Ақмола облысында Nalyk Bank ұтыс ойыны басталады. Оған Банктің POS терминалдарында Банк карталарымен жасалған операциялардан чектер қатысады.

* Әрбір жүктеп салынған чек ұтып алудың бір мүмкіндігі.

* Ай сайын — 10 жеңімпазға дейін, әрқайсысы 100 000 бонус алады.

Қатысу оңай: тауарларды сатып алу немесе қызметтерге ақы төлеу кезінде фискалдық түбіртек сұраңыз және оны «Amian» қолданбасында тіркеңіз. Неғұрлым көп чектерді тіркесеңіз, ұтып алу мүмкіндігіңіз соғұрлым жоғары болады.

Сондай-ақ, Жақсы, Аршалы, Астрахан, Есіл, Біржан сал және Целиноград аудандарының тұрғындары «Салық кэшбэк» пилоттық жобасына қатысып, Amian мобильді қосымшасында сатып алу сомасының 2% көлемінде кэшбэк ала алатынын еске саламыз. Алынған қаражатты банк картасына аударуға немесе ұялы телефон балансына аударуға болады.

Целиноград аудандық Мемлекеттік Кірістер басқармасы.

SALYQ КЭШБЭК

AMIAN қосымшасы арқылы чекті сканерлеңіз және сатып алудан **2% кэшбэк алыңыз**

Сканируйте чеки с помощью приложения AMIAN и **получайте кэшбэк 2%**

Қосымшаны жүктеу үшін камераны QR-ға орнатңыз

Наведи камеру на QR для скачивания приложения

Хабарландыру

«Элит Строй Астана» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан «Элит Строй» кен орнында сазды жыныстарды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 05 қарашада сағат 12:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат а.о., Қызылсуат а., Қызылсуат ауылдық округі әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/71783391724?pwd=Y1Zeark2YMFxBd78rNBiTOtm2keLiX.1>

Конференция идентификаторы: 717 8339 1724. Кіру коды: Q0Jxni.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Элит Строй Астана» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Ақмола обл., Целиноград ауд., Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр а., көшесі Энергетиктер, үй 9, тел. 8-707-366-5058. БСН: 141140012641. Эл. пошта: n.abbassova@vdst.kz.

«Байзақова Л. М.» ЖК әзірлеушісі Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, кк. 336, тел.8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) С.Е. 50° 57' 43,25»; Ш.Б. 71° 37' 15,75»; 2) С.Е. 50° 57' 40,54»; Ш.Б. 71° 36' 59,62»; 3) С.Е. 50° 57' 22,69»; Ш.Б. 71° 36' 55,59»; 4) С.Е. 50° 57' 25,40»; Ш.Б. 71° 37' 11,73».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: koksheground@mail.ru, тел.8(7162)52-15-85.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: expreso@mail.ru.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан «Элит Строй» сазды жыныстар кен орны үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша өткізіледі. Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары. Қалдықтарды басқару бағдарламасы. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 05 қарашада сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат а.о., Қызылсуат а., Қызылсуат ауылдық округі әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/76840102622?pwd=NgVbnjvXm3OHFTvtAyG0vv7iaxqUE.1>

Конференция идентификаторы: 768 4010 2622. Кіру коды: e9YzT1.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Элит Строй Астана» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Ақмола обл., Целиноград ауд., Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр а., көшесі Энергетиктер, үй 9, тел. 8-707-366-5058. БСН: 141140012641. Эл. пошта: n.abbassova@vdst.kz.

«Байзақова Л. М.» ЖК әзірлеушісі Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, кк. 336, тел.8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) С.Е. 50° 57' 43,25»; Ш.Б. 71° 37' 15,75»; 2) С.Е. 50° 57' 40,54»; Ш.Б. 71° 36' 59,62»; 3) С.Е. 50° 57' 22,69»; Ш.Б. 71° 36' 55,59»; 4) С.Е. 50° 57' 25,40»; Ш.Б. 71° 37' 11,73».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: koksheground@mail.ru, тел.8(7162)52-15-85.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: expreso@mail.ru.

«Элит Строй Астана» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан «Элит Строй-2» кен орнында шөгінді жыныстарды (алевролиттерді) өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 06 қарашада сағат 12:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат а.о., Қызылсуат а., Қызылсуат ауылдық округі әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/72600769228?pwd=W3mnfBJ6hG2vFfPpPa0LY7c1yV8x.1>

Конференция идентификаторы: 726 0076 9228. Кіру коды: 2F2pe5.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Элит Строй Астана» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Ақмола обл., Целиноград ауд., Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр а., көшесі Энергетиктер, үй 9, тел. 8-707-366-5058. БСН: 141140012641. Эл. пошта: n.abbassova@vdst.kz.

«Байзақова Л. М.» ЖК әзірлеушісі Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, кк. 336, тел.8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары (СК-42): №1 С.Е. 50° 57' 44,57»; Ш.Б. 71° 37' 19,67»; №2 С.Е. 50° 57' 44,60»; Ш.Б. 71° 37' 29,87»; №3 С.Е. 50° 57' 26,68»; Ш.Б. 71° 37' 35,96»; №4 С.Е. 50° 57' 25,40»; Ш.Б. 71° 37' 27,30»; №5 С.Е. 50° 57' 22,16»; Ш.Б. 71° 37' 28,51»; №6 С.Е. 50° 57' 21,74»; Ш.Б. 71° 37' 14,09»; №7 С.Е. 50° 57' 23,88»; Ш.Б. 71° 37' 14,77»; №8 С.Е. 50° 57' 41,73»; Ш.Б. 71° 37' 18,79».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: koksheground@mail.ru, тел.8(7162)52-15-85.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: expreso@mail.ru.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар Ақмола облысы, Целиноград ауданында орналасқан «Элит Строй-2» шөгінді жыныстар (алевролиттер) кен орны үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша өткізіледі. Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары. Қалдықтарды басқару бағдарламасы. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 06 қарашада сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат а.о., Қызылсуат а., Қызылсуат ауылдық округі әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/72030317492?pwd=NlnNs32beD3bOtHUnD2TN7esHAtr6xF.1>

Конференция идентификаторы: 720 3031 7492. Кіру коды: TD0sRV.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Элит Строй Астана» ЖШС.

Тапсырыс берушінің мекенжайы: ҚР, Ақмола обл., Целиноград ауд., Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр а., көшесі Энергетиктер, үй 9, тел. 8-707-366-5058. БСН: 141140012641. Эл. пошта: n.abbassova@vdst.kz.

«Байзақова Л. М.» ЖК әзірлеушісі Деректемелер: ҚР, Көкшетау қ., Сабатаев көшесі 82, кк. 336, тел.8(7162)521585. Эл. пошта: koksheground@mail.ru

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қызылсуат ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары (СК-42): №1 С.Е. 50° 57' 44,57»; Ш.Б. 71° 37' 19,67»; №2 С.Е. 50° 57' 44,60»; Ш.Б. 71° 37' 29,87»; №3 С.Е. 50° 57' 26,68»; Ш.Б. 71° 37' 35,96»; №4 С.Е. 50° 57' 25,40»; Ш.Б. 71° 37' 27,30»; №5 С.Е. 50° 57' 22,16»; Ш.Б. 71° 37' 28,51»; №6 С.Е. 50° 57' 21,74»; Ш.Б. 71° 37' 14,09»; №7 С.Е. 50° 57' 23,88»; Ш.Б. 71° 37' 14,77»; №8 С.Е. 50° 57' 41,73»; Ш.Б. 71° 37' 18,79».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО-ның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: koksheground@mail.ru, тел.8(7162)52-15-85.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. +7 (7162) 25-19-86, эл. мекен-жайы: expreso@mail.ru.

Жеке тұлға Р.К.Шулевский «Ақмола облысы, Қосшы қаласы, 016 есептік квартал, 6254А жер телімі мекен-жайында жол бойындағы сервис құрылысы» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне арналған жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған. Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 02 қазаннан бастап Қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстардың Ұлттық деректер базасы сайтында 5 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Бастамашысы - Жеке тұлға Шулевский Р.К., Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 59/1 үй, 123 пәтер, тел. +7 702 110 1041.

Жобалық құжаттама әзірлеушісі және қосымша ақпарат алу үшін байланыс: А.Д. Сейсенбаева ЖК, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Тел.: 87770401618.

Мүдделі жұртшылық өзінің ескертулері мен ұсыныстарын жіберетін жергілікті атқарушы орган – «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ., Абай к-сі 89, тел.: 8(7162)402807; natur@akmola.gov.kz



**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейддинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат азаматтігізін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 181
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



**Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537**

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Sайт: vestiakmola.kz

